

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
ҒЫЛЫМ КОМИТЕТІ
Ш.Ш. УӘЛИХАНОВ АТЫНДАҒЫ ТАРИХ ЖӘНЕ ЭТНОЛОГИЯ ИНСТИТУТЫ



«EDU.E-HISTORY.KZ» ЭЛЕКТРОНДЫҚ ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ



№3 (31) шілде-қыркүйек 2022

ISSN 2710-3994



Бас редактор:

Қабылдинов Зиябек Ермұқанұлы

Редакциялық алқа:

Абашиин Сергей Николаевич – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Санкт-Петербургтегі Европа университеті (Ресей)

Абдырахманов Толобек Абылович – тарих ғылымдарының докторы, профессор, И. Арабаев атындағы Қызғыз мемлекеттік университетінің ректоры. (Қырғызстан)

Аяган Бүркітбай Фелманұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР БҒМ ҒК Мемлекет тарихы институты директорының орынбасары. (Қазақстан)

Әлімбаев Нұрсан – тарих ғылымдарының кандидаты, профессор, Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік музейінің директоры. (Қазақстан)

Әбусеитова Меруерт Қуатқызы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА корр.-мүшесі. ҚР БҒМ ҒК Р. Сүлейменов атындағы Шығыстану институтының «Тарихи материалдарды зерттеу» орталығының директоры. (Қазақстан)

Әбіл Еркін Аманжолұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР БҒМ ҒК Мемлекет тарихы институтының директоры. (Қазақстан)

Голден Кэтти Стромайл (Kathie Stromile Golden) – PhD, Миссисипи өңірлік мемлекеттік университеті (Mississippi Valley State University) (АҚШ)

Кәрібаев Берекет Бақытжанұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, «Қазақстан тарихы» кафедрасының меңгерушісі. (Қазақстан)

Қожамжарова Дария Пернешқызы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің ректоры. (Қазақстан)

Кожирова Светлана Басиевна – саясаттану ғылымдарының докторы, профессор, Фудан Университетінің Қытай және Орталық Азияны зерттеу орталығының мен «Астана» ХҒК бірлескен директоры (Қазақстан)

Козодой Виктор Иванович – тарих ғылымдарының докторы, профессор. (Ресей)

Көкебаева Гүлжауһар Какенқызы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР БҒМ ҒК Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты (Қазақстан)

Көмеков Болат Ешмұхамедұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Халықаралық қыпшақтану институтының директоры, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры. (Қазақстан)

Матыжанов Кенжехан Ісләмжанұлы – филология ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА корр.-мүшесі, М.О. Әуезов атындағы әдебиет және өнер институтының директоры. (Қазақстан)

Моррисон Александр (Morrison Alexander) – PhD, профессор Оксфордского университета (Великобритания)

Муртазаева Рахборхон Хамидқызы – тарих ғылымдарының докторы, Мирзо Ұлықбек атындағы Өзбекстан ұлттық университеті «Өзбекстан тарихы» кафедрасының профессоры. (Өзбекстан)

Панто Дмитрий (Panto Dmitri) – PhD доктор, Гданьск қаласындағы Екінші дүниежүзілік соғыс мұражайының ғылыми қызметкері. (Польша)

Римантас Желвис (Želvyus Rimantas) – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Вильнюс педагогикалық университеті (Литва)

Самашев Зайнолла Самашұлы – археолог, тарих ғылымдарының докторы, профессор, Герман археология институтының корр.-мүшесі. ҚР БҒМ ҒК Ә. Марғұлан атындағы Археология институты. (Қазақстан)

Сайлан Болат Санабайұлы – тарих ғылымдарының докторы, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті. (Қазақстан)

Смағұлов Оразақ Смағұлұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Балон ғылым академиясының корр.-мүшесі, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы сыйлықтың лауреаты, ғылым мен техниканың еңбек сіңірген қайраткері, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры. (Нұр-Сұлтан, Қазақстан)

Сыдықов Ерлан Бәтташұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ректоры. (Қазақстан)

Таймағамбетов Жәкен Қожахметұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, ҚР Ұлттық музейі. (Қазақстан)

Жауапты редактор:

Қаипбаева Айнагүл Толғанбайқызы

Ғылыми редактор:

Қозыбаева Махаббат Мәлікқызы

Редактор:

Кубеев Рустем Жаулыбайұлы

Жауапты хатшы:

Раушан Жәліқызы

Техникалық хатшы:

Хумарзах Алтынбек

Главный редактор:
Кабульдинов Зиябек Ермуханович

Редакционная коллегия:

Абашин Сергей Николаевич – доктор исторических наук, профессор, Европейский университет в Санкт-Петербурге (Россия)

Абдырахманов Толобек Абылович – доктор исторических наук, профессор, ректор Кыргызского государственного университета им. И. Арабаева (Кыргызстан)

Алимбай Нурсан – кандидат исторических наук, профессор, директор Центрального государственного музея Республики Казахстан (Казахстан)

Абусеитова Меруерт Хуатовна – доктор исторических наук, профессор, чл.-корр. НАН РК, директор Республиканского центра по изучению исторических материалов Института востоковедения имени Р.Б. Сулейменова (Казахстан)

Абиль Еркин Аманжолович – доктор исторических наук, профессор, директор Института истории государства КН МОН РК (Казахстан)

Аязан Буркитбай Гелманович – доктор исторических наук, профессор, заместитель директора Института истории государства КН МОН РК (Казахстан)

Голден Кэтти Стромайл (Kathie Stromile Golden) – PhD, Государственный университет долины Миссисипи (Mississippi Valley State University) (США)

Исмагулов Оразак Исмагулович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, член-корр. Болонской академии наук, лауреат премии им. Ч.Ч. Валиханова, заслуженный деятель науки и техники, профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева (г. Нур-Султан, Казахстан)

Карибаев Берекет Бахытжанович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, заведующий кафедрой истории Казахстана, Казахский национальный университет им. аль-Фараби (Казахстан)

Кожамжарова Дария Пернешовна – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, ректор Южно-Казахстанского университета им. М.Ауэзова (Казахстан)

Кожирова Светлана Басиевна – доктор политических наук, профессор, содиректор Центра исследования Китая и Центральной Азии Фуданьского Университета и МНК «Астана», руководитель Центра китайских и азиатских исследований (Казахстан)

Козодой Виктор Иванович – доктор исторических наук, профессор (Россия)

Кокебаева Гульжаухар Какеновна – доктор исторических наук, профессор, главный научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч.Валиханова КН МОН РК (Казахстан)

Кумеков Болат Ешмухамбетович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, директор Международного института кипчаковедения Казахского национального университета имени аль-Фараби, профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева (Казахстан)

Матыжанов Кенжехан Слямжанович – доктор филологических наук, профессор, чл.-корр. НАН РК, директор Института литературы и искусства им. М. Ауэзова (Казахстан)

Моррисон Александр (Morrison Alexander) – PhD, профессор Оксфордского университета (Великобритания)

Муртазаева Рахборхон Хамидовна – доктор исторических наук, профессор кафедры «Истории Узбекистана» Национального университета Узбекистана имени Мирзо Улугбека. (Узбекистан)

Панто Дмитрий (Panto Dmitri) – доктор PhD, профессор, главный специалист научного отдела Музея Второй мировой войны г. Гданьска (Польша)

Римантас Желвис (Želvyys Rimantas) – доктор педагогических наук, профессор, Вильнюсский педагогический университет (Литва)

Самашев Зайнолла Самашевич – археолог, доктор исторических наук, профессор, чл.-корр. Германского археологического института. Институт археологии им. А.Маргулана КН МОН РК (Казахстан)

Сайлан Болат Санабаевич – доктор исторических наук, Казахский национальный университет им. аль-Фараби (Казахстан)

Сыдыков Ерлан Батташевич – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, ректор Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилева (Казахстан)

Таймагамбетов Жакен Кожакметович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, Национальный музей РК (Казахстан)

Ответственный редактор:
Каипбаева Айнагуль Толганбаевна

Научный редактор:
Козыбаева Махаббат Маликовна

Редактор:
Кубеев Рустан Джаулыбайулы

Ответственный секретарь:

Раушан Жәліқызы

Технический секретарь:

Хумарзах Алтынбек

Editor-In-Chief:

Kabuldinov Ziabek Ermukhanovich

Members of editorial board:

Abashin Sergei Nikolaevich – Doctor of Historical Sciences, Professor, European University at St. Petersburg (Russia)

Abdyrakhmanov Tolobek Abylovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Rector of I. Arabaev Kyrgyz State University (Kyrgyzstan)

Alimbay Nursan – Candidate of Historical Sciences, Professor, Director of the Central State Museum of the Republic of Kazakhstan (Kazakhstan)

Abusseitova Meruert Khuatovna – Doctor of Historical Sciences, Professor, Corresponding Member of the NAS RK, Director of the Republican Center for the Study of Historical Materials at R.B. Suleimenov Institute of Oriental Studies (Kazakhstan)

Abil Yerkin Amanzholovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Director of the Institute of History of the State CS MES RK (Kazakhstan)

Ayagan Burkitbai Gelmanovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Deputy Director of the Institute of History of the State CS MES RK (Kazakhstan)

Golden Kathie Stromile – PhD, Mississippi Valley State University (USA)

Ismagulov Orazak Ismagulovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Corresponding Member of Bologna Academy of Sciences, winner of Ch.Ch. Valikhanov Award, Honored Worker of Science and Technology, Professor of L.N. Gumilyov University (Kazakhstan)

Karibayev Bereket Bakhytzhonovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Head of the Department of History of Kazakhstan, Al-Farabi Kazakh National University (Kazakhstan)

Kozhamzharova Daria Perneshovna – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the NAS of the Republic of Kazakhstan, rector of the M. Auezov South Kazakhstan University (Kazakhstan)

Kozhirova Svetlana Bassieva – Doctor of Political Science, Professor, Co-Director of the Center for the Study of China and Central Asia of Fudan University and the International Scientific Complex of the National Company "Astana", Head of the Center for Chinese and Asian Studies (Kazakhstan)

Kozodoi Viktor Ivanovich – Doctor of Historical Sciences, Professor (Russia)

Kokebayeva Gulzhaukhar Kakenovna – Doctor of Historical Sciences, Professor, chief researcher at Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology CS MES RK (Kazakhstan)

Kumekov Bolat Eshmukhambetovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Director of the International Institute of Kipchak Studies of the Al-Farabi Kazakh National University, Professor at L.N. Gumilyov Eurasian National University (Kazakhstan)

Matyzhanov Kenzhekhan Slyamzhanovich – Doctor of Philology, Professor, Corresponding Member of the NAS RK, Director of M. Auezov Institute of Literature and Art (Kazakhstan)

Morrison Alexander – PhD, Professor, University of Oxford (UK)

Murtazayeva Rakhborkhon Khamidovna – doctor of Historical Sciences, Professor at the Department of «History of Uzbekistan» of Mirzo Ulugbek National University of Uzbekistan. (Uzbekistan)

Panto Dmitri – PhD, researcher at the Museum of the Second World War in Gdansk (Poland)

Rimantas Želvys – Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Vilnius Pedagogical University (Lithuania)

Samashev Zainolla Samashevich – archaeologist, Doctor of Historical Sciences, Professor, Corresponding Member of German Archaeological Institute. A. Marghulan Institute of Archeology CS MES RK (Kazakhstan)

Sailan Bolat Sanabayevich – Doctor of Historical Sciences, Al-Farabi Kazakh National University (Kazakhstan)

Sydykov Erlan Battashevich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Rector of L.N. Gumilyov Eurasian National University (Kazakhstan)

Taimagambetov Zhaken Kozhakhmetovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, National Museum of the Republic of Kazakhstan (Kazakhstan)

Executive Editor:

Kaipbayeva Ainagul Tolganbayevna

Scientific Editor:

Kozybayeva Makhabbat Malikovna

Editor:

Kubeyev Rustem Dzhaulybayevich

Executive Secretary

Raushan Zhalikyzy

Technical secretary:

Khumarzak Altynbek

https://doi.org/10.51943/2710-3994_2022_31_3_217-227

FTAMP 03.20.00

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ҚОҒАМЫ

Р.Е. Оразов^{ID}, М.Р. Сатенова^{ID*}

Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты. Қазақстан, Алматы.

*Автор-корреспондент

E-mail: mr_satenova@mail.ru (Сатенова). r.o.e@mail.ru (Оразов).

Аңдатпа. Қарастырып отырған тақырып отандық тарихымыздың күрделі саяси кезеңдерімен және барлық саяси оқиғалардың арасында біте қайнасып жүрген А. Байтұрсыновтың өміріне, сол арқылы саяси көзқарастары мен мемлекетте атқарған қызметтерін ашуға арналған. Ол ХХ ғасырдың бірінші жартысында өзіндік орны бар ерекше тұлға. Ресейлік патша үкіметінің тұсында «саяси сенімсіз» адамға айналса, ал Кеңес үкіметі тұсындағы тоталитарлық жүйе қазақ мемлекет қайраткерлері мен зиялыларын «оңшыл», «ұлтшыл», «байшыл», «пантюркист», «төңкеріске қарсы шығушылар» деп айыптап, қоғамнан аластатып, «халық жауы» айдарымен тарих бетінен өшіргісі келседе, А. Байтұрсыновтың өмір жолының тарихы, саяси күресі мен мемлекеттік қызметі арқылы жеке тұлға ретінде қарастыру мақаланың басты өзегі.

Зерттеуде алға қойылған мәселелер хронологиялық негізде баяндауды ғана емес, оның негізгі проблемаларын айшықтап көрсетуді де талап етеді. Соның негізінде зерттеуде мына мәселелерге ерекше назар аударылды:

- Қайраткердің қоғамдық, саяси, мемлекеттік және ғылыми қызметіне қатысты барлық зерттеулерді, мұрағат құжаттары мен басқа да дерек көздерін жаңа заман талаптары тұрғысынан саралап, ол туралы баға берген еңбектерді талдап, қарастыру;

- Саяси көзқарасының қалыптасуына тигізген оның өскен ортасының әсерін анықтау;

- Білім алған орны мен ағартушылық қызметінің саяси күрестегі орыс зиялылары арасындағы арақатынасын салыстыру арқылы оның дүниетанымын, саяси көзқарасының өсуінің ішкі мазмұнын, табиғатын ашу;

- «Қазақ» газетін ұйымдастырып, сол арқылы атқарған қоғамдағы саяси үгіт-насихаттық күресін айқындау;

Түйін сөздер: «Алаш» қозғалысы, тұлға, «Қазақ» газеті, отаршылыққа қарсы күрес.

МРНТИ 03.20.00

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ И КАЗАХСКОЕ ОБЩЕСТВО

Р.Е. Оразов, М.Р. Сатенова*

Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова. Казахстан, Алматы.

*Корреспондирующий автор

E-mail: mr_satenova@mail.ru (Сатенова). r.o.e@mail.ru (Оразов).

Аннотация. Рассматриваемая тема посвящена жизни А. Байтұрсынова, который переплетается со сложными политическими периодами отечественной истории и всеми политическими событиями, тем самым раскрывая политические взгляды и занимаемые им должности в государстве. Он является уникальной личностью, которая занимала свое место в первой половине ХХ века. Основная идея статьи заключается в рассмотрении истории жизненного пути А. Байтұрсынова как личности через политическую борьбу и государственную службу, несмотря на то что при российском царском правительстве он стал «политически

неблагонадежным» человеком, а тоталитарная система при советской власти назвав казахских государственных деятелей и интеллигенцию «правыми», «националистами», «богачами», «пантюркистами», «противниками революции», отстраняла их от общества и хотела стереть со страниц истории считая их «врагами народа».

Вопросы, затронутые в данном исследовании, требуют не только изложения на хронологической основе, но и отражения основных его проблем. На основании этого в исследовании особое внимание было уделено следующим вопросам:

- Проанализировать и рассмотреть все труды и исследования, касающиеся общественной, политической, государственной и научной деятельности деятеля, провести анализ архивных документов и других источников в соответствии с требованиями нынешнего времени, а также дать объективную оценку его работе;

- Определение влияния окружающей среды на формирование его политических взглядов;

- Путем сопоставления образования и просветительской деятельности среди русской интеллигенции выявить внутреннее содержание и характер роста его мировоззрения, политических взглядов и роль в политической борьбе;

- Определить политическую пропагандистскую борьбу в обществе, проводимую газетой «Казак».

Ключевые слова: Движение «Алаш», личность, газета «Казак», борьба с колониализмом.

IRSTI 03.20.00

AKHMET BAITURSYNOV AND KAZAKH SOCIETY

R.E. Orazov, M.R. Satenova*

Institute of History and Ethnology named after Ch.Ch. Valikhanov. Kazakhstan, Almaty.

*Corresponding author

E-mail: mr_satenova@mail.ru (Satenova), r.o.e@mail.ru (Orazov).

Annotation. The topic under consideration is devoted to the life of A. Baitursynov, who is intertwined with complex political periods of national history and all political events, thereby revealing political views and positions he holds in the state. He is a unique personality who occupied his place in the first half of the twentieth century. The main idea of the article is to consider the history of A. Baitursynov's life path as a person through political struggle and public service, despite the fact that under the Russian tsarist government he became a «politically unreliable» person, and the totalitarian system under Soviet rule called Kazakh statesmen and intellectuals «right-wing», «nationalists», «rich», «pan-Turkists», «opponents of the revolution», removed them from society and wanted to erase them from the pages of history considering them «enemies of the people».

The issues raised in this study require not only a chronological presentation, but also a reflection of its main problems. Based on this, the study paid special attention to the following issues:

- To analyze and review all the works and studies related to the public, political, state and scientific activities of the figure, archival documents and other sources from the point of view of the requirements of modern times, as well as to evaluate his work;

- Determining the influence of the environment of his upbringing on the formation of political views;

- By comparing the correlation of the place of education and educational activities among the Russian intelligentsia in the political struggle, to reveal the inner content and nature of the growth of its worldview, political views;

- To determine the political propaganda struggle in society organized and carried out by the newspaper «Kazakh».

Key words: Movement «Alash». Personality. Newspaper «Kazakh». Fight against colonialism.

Кіріспе. Қоғамда ұлттық зиялы қауым өкілдерінің, саяси қоғам қайраткерлерінің, тіпті ел ішінде танымал болған белгілі мемлекет қайраткерлері мен саясаткерлердің есімдері ХХ ғасырдың 20 жылдарының соңынан басталған кеңестік жүйенің арнайы жүргізген саяси іс-шараларының құрбаны болып кете берді. Кеңестік тарих ғылымы төңкеріске дейінгі жекелеген ұлттық тұлғалардың өмір жолдары мен азаттық жолындағы күресі мен ұлтына арнаған қоғамдық-саяси қызметтерін өмірге жанаспайтын ұғымдар тұрғысынан қарастырды, зерттеуге тыйым салды, ал зерттеле қалғандары сыңаржақ бағаланып, тарихи шындық тұрғысынан бағалауға мүмкіндік бермеді.

ХХ ғасыр басындағы тарих сахнасына Әлихан Бөкейханов, Міржақып Дулатов, Мұқаметжан Тынышбаев, Мұстафа Шоқай, Ахмет Байтұрсынов секілді т.б. саяси қайраткерлерді шығарды. Осы қайраткерлердің күрес жолына түсуін тереңірек білу үшін олардың өмірі мен қызметін және отаршылыққа қарсы күрес мәселелерін тереңірек зерттей түсу қажет.

Ахмет Байтұрсыновтың қоғамдық-саяси қызметінің негізгі кезеңдерін және оған қатысты «Алаш» қозғалысы қайраткерлерінің ұстанымын саралау арқылы тарихтың «ақтаңдақ» беттерін аша түсуге мүмкіндік артып, тарихи сананың серпілуіне жағдай жасаймыз.

Материалдар мен әдістер. Зерттеу жұмысында архив құжаттары, атап айтқанда Қазақстан Республикасы орталық мемлекеттік архивіндегі 64-қор «Дала генерал-губернаторының кеңсесі», 25-қор «Торғай облыстық басқармасы» мен 95-ші қор «Орынбор қазақ мұғалімдер мектебі» қорларындағы құжаттар дерек көзі ретінде кеңінен пайдаланылды. Архив құжаттары деректанулық талартарға сай талдаудан өткізіліп барып қолданыс тапты.

Мақаланы жазуда тарихилық принцип пен өркениеттілік ұстаным басшылыққа алынды. Тарихилық принцип негізінде ХХ ғасыр басындағы А. Байтұрсыновтың саяси қызметін сол дәуірдегі басқа оқиғалар мен құбылыстармен тығыз байланыста қарастырудың мүмкіндігі артса, өркениеттілік ұстаным аясында Ахметтің өз дәуірінің демократиялық құндылықтар негізінде тәуелсіздікке деген ұмтылысын ерекше құбылыс ретінде бағаланды.

Талдау. А. Байтұрсыновтың қызметін зерттеуге арналған еңбектерді негізінен бірнеше кезеңдерге бөлуге болады. Алғашқылардың бірі болып А. Байтұрсынов туралы мәлімет берген еңбектердің қатарына М. Дулатовтың (Дулатов, 1925: 25 б.), М. Әуезовтың (Әуезов, 1991: 17 б.), Е. Омаровтың (Омаров, 1922: 16 б.) Т. Шонановтың (Шонанов, 1999: 39 б.) мақалаларын айтуға болады.

«Алаш» қозғалысы қайраткерлерінің қызметі мен олардың ұстанымы жайлы шынайы пікірлер ХХ ғасырдың соңына қарай К. Нұрпейісовтің (Нұрпейісов: 1995, 162 б.) ең алдымен, Ахмет Байтұрсынов пен Міржақып Дулатов, өздерінің әдеби шығармаларының беттерінде демократиялық мәндегі ұлттық тең құқықтылық, халықтың мәдениетін көтеру, отаршылдардың жер мен суды тартып алуына наразылық білдіру сияқты әлеуметтік-саяси мәні бар мәселелерді көтергенін жазды. М. Қойгелдиевтің (Қойгелдиев, 1995: 63 б.) «Алаш» қозғалысының қалыптасуы мен халқымыздың ұлттық санасының жаңаруы, автономиялы республика құру, ұлт мәселесі жөніндегі А. Байтұрсыновтың қызметінің әртүрлі қырлары архивтік деректер негізінде қарастырылған.

Зерттеу нәтижелері. Қазақтың көрнекті ағартушысы, әдебиет саласын зерттеуші, түріктанушы, педагог, аудармашы, қоғам қайраткері, «Алаш» қозғалысының мүшесі Ахмет Байтұрсынұлы 1872 (бір деректерде 1873 жылы деп келтіріледі – авт.) жылы 5 қыркүйекте Қостанай облысына қарасты Торғай болысының Тосын болысында қарапайым шаруа отбасында дүниеге келген. Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсыновтың туғанына биыл 150 жыл толып отыр.

Әкесі Байтұрсын Шошақұлы егі тірі, батыл, намысшыл адам болса керек. Патша өкіметінің өкімшілік саласындағы шенеуніктеріне қарсы шыққаны үшін інісі Ақтаспен бірге тұтқындалып, 15 жылға Сібірге жер аударуға шешім қабылданған. Осы жағдай бала Ахметке қатты әсер еткен көрінеді. Өзінің күрескерлік жолға түсуіне осы оқиғаның тікелей әсері болғандығын ақын «Анама хат» деп аталған өлеңде баяндап береді (Байтұрсынов, 1989: 3-4 бб.). Өйткені А. Байтұрсыновтың атасы Шошақ Торғай облысы құрылмастан бұрын болыс бастығы қызметін атқарған. Көпшілікке сыйлы Шошақ 1850 жылдың соңында қайтыс болғаннан кейін, оның орнына баласы Байтұрсын әке қызметін жалғастырады. Бірақ, «қызметін жеке бас пайдасына

пайдаланған» деген жаламен Байтұрсынды қызметінен босатып тастайды. Осы кезден бастап Байтұрсын мен оның бауыры Ақтастар үстінен құпия мәліметтер жиналған. Соның алғашқысы – 1886 жылы 7 ақпанда Торғай әскери губернаторының Ішкі істер министріне жолдаған құпия мәлімдемесінде: «1862 жылы Табын руының қазағы Балқас Үстеміровтың өліміне байланысты айыпталған, ал екінші рет 1870 жылы Торғай облысының қазақтарын көтеріліске шығуға айдап салғаны үшін екі рет әскери сотқа жауапқа тартылған. Бірақ қылмысы дәлелденбей ақталды» деп көрсетілген (ҚР ОМА, 2350: 36 п.).

XIX ғасырдың екінші жартысындағы қазақ қоғамына тән болмыс – руаралық қайшылықтар болған. Кейінгі Байтұрсыновтар әулетінің саяси қуғын-сүргінге ұшырауының бірден-бір себебі осыда. Атақты Жәнібек батырдың ұрпақтары Дәуренбек Беремжанов сол кезде болыс басқармасы болып, ал оның інісі Қорғанбек Беремжанов Торғай уезінің бастығы полковник Яковлевтің көмекшісі болғаннан кезден басталған. Беремжановтар Шошақовтармен бірге Тосын болысында бір ауылда тұрған. Осы кезде Беремжановтардың азғыруымен руластар арасынан Торғай облыстық бөлімшесіне «руластар арасына жік салып, жергілікті және уездік басқармаға бағынбау, үнемі бүлік шығарушы» тәртіпсіздіктеріне байланысты Шошақовтар әулетінің, әсіресе Ақтас Шошақовтың үстінен «барымташы-шайка құрды» деген шағымдар жиілеп және көптеп түседі. Осы мәліметтерге байланысты Торғай әскери губернаторы 1885 жылдың сәуірінде уезд бастығына Ақтас Шошақовқа байланысты қатаң жазалауды қолданып, егер бағынбайтын болса, қамауға алуға бұйрық берген (ҚР ОМА, 2350: 72 п.).

Тергеу барысында Цервицкийдің көрсетуінше «Тосын болысы бастығының інісі Әбдібек Беремжановтың Ақтас Шошақовпен оның бауырларының орналасқан ауылын көрсетуіне байланысты 1885 жылы 12 қазанда полковник Яковлев бір орыс-казак отряды мен бірнеше өкілдерін ертіп келгенде, Торғай өзенінің арғы бетіндегі Шошақовтар ауылында қаруланған атты қазақтарға тап болады. Бергі бетке өту бұйрығына бағынбаған қазақтардың ауылын полковник Яковлев қоршауға алады. Қоршауға түскен ауыл адамдарын үлкен-кіші, әйел-бала, кемпір-шал демей полковник Яковлев бастаған отряд ұрып-соғып, қарсыласқандарын атып тастап, ауылды өртеп, малдарын тартып алып, ойрандайды. Байтұрсыннан ағасы Ақтасты тауып беруін бұйырып, оны соққыға жығады. Кері шегінуге ұмтылып, атын қамшымен ұрмақшы болған Байтұрсынның қамшысы аттың шылбырын ұстап, жібермей тұрған полковник Яковлевтің басынан тиіп, Яковлевтің басы жарылып, жерге құлады» деп мәлімдеген (ҚР ОМА, 2350: 64 п.). Оқиға байланысты полковник Яковлев Байтұрсынды айыптап, осы туралы жеделхат арқылы Ырғыздан Орынборға шұғыл хабар жіберген. Құжаттан анықталғаны, патша үкіметі шенеуініктерінің өздеріне берілген биліктің күшімен қазақ даласында билеп-төстеп күш көрсетіп, халықты бір-біріне айдап салумен діттеген мақсаттарына жетіп отырғанын көрсетеді.

Ырғыздан келген суық хабар патша үкіметі шенеуініктерінің зәре-құтын қашырған. Істі басу үшін қауіптенген Торғай әскери губернаторы Ырғыздан Торғайға полковник Яковлевке көмекке есауыл Дутовтың басшылығымен орыс-казак гарнизонын жібереді. Жағдайдың әбден шиеленісіп, қиындап кеткенін көрген Байтұрсынмен інісі Сабалақ өз отбасылары мен туыстарын аман сақтап қалу үшін 1885 жылы 25 қазанда үкімет орындарына өз еркімен беріліп, Торғай түрмесіне қамалған (ҚР ОМА, 2350: 21 п.).

А. Байтұрсыновтың отбасына түскен зор қасірет орысша оқуға түсуіне басты себеп болғандығын былайша баяндайды: «осы бақытсыздық менің Торғай қаласындағы мектепке түсуіме себеп болды» (ҚР ОМА, 1652: 209 п.) деп өз қолымен жазған өмірбаянында көрсеткен, яғни патша үкіметінің зорлық-зомбылығына қарсы күресу үшін, алдымен олардың тілін меңгеру керектігін ұғынған Ахмет орысша оқуға түскенін анық айтқан.

Әкесі тұтқындалып, айдалып кеткеннен кейін Ахмет Шошақтың кенжесі Ерғазының тәрбиесінде болады. Алғашқы сауатын ауылдағы молладан, көзі ашық адамдардан алады. 1886 жылы ол Торғайдағы екі кластық орыс-қазақ училищесінде оқиды. 1891 жылы Орынбор қаласындағы мұғалімдер мектебінде оқуға түсіп, оны 1895 жылы бітіріп, «бастауыш училищенің оқытушысы» куәлігін алады. Мектепті тамамдағаннан кейін А. Байтұрсыновқа қырғыз бастауыш мектебінің мұғалімі деген куәлігі тапсырылады. А. Байтұрсынов № 116 бұйрығы бойынша 9 маусымда 1895 жылы Ақтөбе уезі, Арынғазы ауыл мектебіне жолдама алады. Сол

кездегі бұйрық бойынша жас мамандар жіберілген жұмыс орнына тамыз айының 1-нен қалмай орналасып, онда 6 жыл қызмет ету керек болатын. Орынбордан Ақтөбе уезі ауылына жету үшін қаражатының жоқтығы А. Байтұрсыновқа кедергі жасайды. Бірақ сауатты А. Байтұрсынов оқу бөлімінің Аймақтық Қамқоршысының атына өтініш жазып, жолдамада белгіленген қызмет орнына жету үшін қаражатының жоқтығына байланысты оқу Кеңесі есебінен 60 сом ақшалай қарыз беруін өтінеді (ҚР ОМА, 93: 19, 31 пп.). Бұдан кейін 1896 жылдан 1907 жыл аралығында Ақтөбе, Қостанай, Қарқаралы уездерінде ауылдық, болыстық мектептерде мұғалімдік қызмет атқарады.

1905 жылы болған орыс революциясы мен патшаның «Бостандық манифесінің» жариялануы Ахметті күрес жолына түсірді. Бұл кезде ол Қарқаралыдағы орыс-қазақ училищесінде оқытушы әрі меңгерушісі болып қызмет еткен болатын. Ұлт зиялылармен бірге Қоянды жәрмеңкесінде Қарқаралы петициясын жазуға қатысады. 47 баптан тұрған, 14500 адамның атынан 42 адамның қолы қойылған арыз-тілек 1905 жылдың 22 шілдесінде почта-телеграф арқылы Петербургқа патша ағзамға, сондай-ақ «Сын Отечества» және «Русские ведомости» газетіне жөнелтілген еді (ҚР ОМА, 5658: 9, 17–20 пп.). Петиция арқылы қазақ халқы қордаланып қалған маңызды, өзекті мәселелерін шешуге ұмтылды. Жерді тартылпау, дінге қысым жасамау, тілге тиіспеу, қазақтарға сайлау құқығын қайтарып беру сияқты талаптардың төтесінен қойылатындығын патша үкіметі күтпеген еді. Ахметтің ұлт зиялыларының алдыңғы қатарынан көрінуі патша үкіметін шошытты. Профессор М.Қ. Қойгелдиевтің сөзімен айтқанда, 1905–1907 жылдары отарлық бұғаудағы қазақ қоғамында таптық санадан гөрі ұлттық сананың тезірек пісіп жетілуіне қолайлы алғы шарттар басым түсіп жатты (Қойгелдиев, 1995: 84 б.).

Қарқаралы петициясынан кейін патша жандармериясы құпия түрде Ахметтің де соңынан түсті. Құпия түрде басқан ізін аңдып, іс қозғалды. 1909 жылы Семей облысының губернаторы А. Тройницкийдің бұйрығымен А. Байтұрсынұлы қамауға алынады. Бұл жайында Дала генерал-губернаторы Е.О. Шмитке жіберген хатында Ахметті қамау мерзімін ұзартуды өтінеді. Осы хаттан кейін Дала генерал-губернаторы Шмит 1909 жылдың 15 шілдесінде Ішкі Істер министріне Ахмет Байтұрсыновты үгіт-насихат жүргізгені үшін қамау мерзімін ұзартуды сұраған жеделхат жібереді (ҚР ОМА, 5832: 47–48 пп.).

Ахмет Байтұрсынұлына «әкімшілік тәртібімен жер аударылған Ж. Ақбаев пен І Мемлекеттік Думаның бұрынғы мүшесі, Выборг үндеуіне қол қоюшы Ә. Бөкейханның тобында болды, аталған топ қазақ қауымын үкіметке сенбеуге және әкімшілік тәртібіне қарсы шығуға шақырды, Қарқаралы уезінің қазақтары атынан жасалған ұжымдық жеделхатты құрастыруға қатысты, қазақ қауымын облыста кіргізілген әскери жағдайға қарсы шығуға үгіттеуге күш салды» деген саяси айыптар тағылды.

Ақынның қамауға алынғаны, А. Тройницкийдің таққан айыбы, озбырлығы жөнінде С-Петербургте шығып тұрған «Современное слово» газетінің 1909 жылғы 19 қарашадағы № 682 санында «Қазақ халқының ақыны түрмеде» атты мақалада жарияланды. А. Байтұрсынұлының Семей түрмесіне түскенін естіген Мемлекеттік Дума депутаты Н. Скалозубов 1909 жылғы 17 қарашадағы Ішкі Істер министрі П.Г. Курловқа Ахметтің әйелі мен ауылдастары оған ақынның жазықсыздан қамауға алынғанын айтып хат жолдағандығын, осы іске әділеттілікпен қарауын өтініп хат жолдайды. 1909 жылы 30 желтоқсанда Семей губернаторы Дала генерал-губернаторына жіберген жауабында газетте жарияланған мәліметті растап және А. Байтұрсыновтың саяси қызметі туралы мынадай жаңа деректері қосады: «1. патша манифесінің жариялануына байланысты 1905 жылы Қарқаралы қаласында болған оқиғаларда А. Байтұрсынов әкімшілік тәртіппен жер аударылған Ж. Ақпаев пен Бірінші Мемлекеттік Думаның мүшесі, социал-демократиялық партия шығарған Выборг үндеухатына қол қойған Ә. Бөкейхановтың тобында болған. Қырғыз бұхарасының арасында наразылық туғызды және оларды әкімшілікке дұшпандық жағдайында бейімдеуді негіз еткен, лайықсыз мақсатты көздеген; 2. А. Байтұрсынов бүкіл Қарқаралы уезінің қазақтарынан ұжымдық жеделхаттар мен қаулыларды жаздыруға қатысқан; 3. А. Байтұрсынов облыста енгізілген соғыс жағдайына қарсы қазақтарды көтеруге тырысты. А. Байтұрсыновтың қызметі Ж. Ақпаевпен тығыз байланыста» қосымша айып тағылды (ҚР ОМА, 5832: 57–62 пп.).

Дала генерал-губернаторы осы деректерге байланысты «қазақ халқы орыс халқына, ал негізінен әкімшілік үкімет орындарына ымырасыз ызалы, мұның өзі қырғыздар арасында үгітшілердің тығыз тобы бар екендігін көрсетті». Ол қазақтардың әкімшілік үкімет орындарына ызалану себептерінің бірін айтады, ол – қоныстанушылар үшін жер бөліп беру деп көрсетеді. Кез-келген патша төрелері сияқты, Дала генерал-губернаторы да ызалану себептерін жою туралы айтпай, қайта қазақ халқына оның өмір сүруіне төніп келе жатқан қатерді түсіндірушілерге қарсы жазалау шараларын қолдану арқылы наразылықтың өзін жойғысы келді. Дала генерал-губернаторы «қылмысты үгітті насихаттау ісінде ең басты айыпкер болып 1909 жылы 1 шілдеде Қарқаралы қаласында күзет тәртібімен тұтқынға алынып, Семей түрмесіне қамалған қырғыз А.Байтұрсынов болып табылады». Ол А. Байтұрсыновқа байланысты жоғарыда айтылғандарына қосымша еріксіз назар аудартатын мәліметтерді хабарлайды. Мәліметте: «1905 жылдан бастап А. Байтұрсынов Қарқаралы қаласында өз пәтерінде де, уездегі ауыл мектептерін аралаған іссапарлары мен кез келген орайлы жағдайларда да қазақтарға салықтарды төлемеу керек, қазақтар шаруалардың жағдайына өтпеу керек, өйткені ондай ретте олардан жан басына 10 сомнан салық салып, оларды әскери міндеткерлік өтеуге мәжбүр ететін болады және орыс дініне көшіреді деп талай рет айтқан. А. Байтұрсынов қазақтар арасында қылмысты сипаттағы үндеухаттар таратқан және болыстарды қарыз, салықты жинамауға сендіріп, оларға Ресейдегі шаруалардың мойнында тұтас миллиондаған қарыз, салық бар екенін және бұл үшін ешнәрсе істемейтіндігін көрсеткен. Байтұрсынов Кент болысы Кәрібай Матаевқа Әлихан Бөкейхановтың пайдасына үкіметке қарсы бағытта газет шығару үшін арнап ақша жинауды тапсырған» (ҚР ОМА, 5832: 67, 209 пп.).

Жауап алу құжаттарында үгітшілер тобының мүшелері ретінде қазақтар арасында «қылмысты үгіт» жүргізді деп айыпталып, әкімшілік жауапқа қайраткермен қоса төмендегі адамдар тартылған: Сымахан Бөкейханов – Тоқырауын болысының қазағы; 2. Ыбрай Ақпаев – Ж. Ақпаевтің інісі; 3. Хасен Ақаев – Қу болысынан; 4. Ахмет Райымбеков – Қарқаралы қабылдау орны жанындағы медицина фельдшері; 5. Бодаубек Райымбеков, Асылбек Сүлейменов – орыс-қырғыз училищесінің оқушылары; 6. Сымайыл Бәйтенев – ауыл мектебінің бұрынғы мұғалімі; 7. Шайқы Машақов, Алтынбек Қосымбаев, Қалиахмет Мамбетов, Сәттібай Арыстанбеков, Ғалиахмет Мәмбетқұлов (ҚР ОМА, 5832: 211 п.). Бұл адамдардың бәрі де қазақтарды салық төлемеуге, үкімет орындарына бағынбауға және қоныстанушылар үшін жер бермеуге азғыры деп танылған. Генерал-губернатор А. Байтұрсынов бастаған адамдардың қылмысты әрекеттері Қарқаралы қаласында тәртіпсіздіктерге, тіпті ашық бүлікке әкеп соғуы мүмкін деп қауіптенді.

Айыпталушы ретінде жауапқа тартылған қырғыз (қазақ – авт.) Ахмет Байтұрсынұлы Байтұрсынов Қарқаралы қаласындағы орыс-қырғыз училищесінің бұрынғы меңгерушісі. Қамауға алынған кісі туралы алғашқы мәлімет «Лит. А» деген белгімен 1909 ж. № 226. 11 июльде берілген.

Туған уақыты: 1873 жылдың 5 қыркүйегі.

Туған жері: Тосын болысы Торғай облысы.

Діні: магометандық, яғни мұсылман.

Тегі: Қырғыз (қазақ – авт.)

Халқы: Торғай облысының қазағы

Азаматтығы: орыстық.

Тұрған мекені: Қарқаралы қаласы Семей облысы.

Тіркелген жері: Торғай облысы Торғай уезі.

Кәсібі: мұғалім.

Табыс көзі: жеке еңбегі.

Отбасы жағдайы: зайыбы – Бадри-Сафа Мұхаммед Садыққызы Қарқаралы қаласының тұрғыны. Қызметі жоқ. Балалары жоқ.

Туыстық байланысы: анасы – Күнші, бауырлары: Қали 41 ж., Хакімжан 40 ж., Махмұд 36 ж. Байтұрсыновтар Торғай уезі Торғай облысында тұрады. Мал шаруасымен айналысады. Қарындасы – Зибиш Бисалы Баясыловқа тұрмысқа шыққан, Торғай уезінде мал шаруасында. Ата-анасының далалықтарға тән шаруасы бар.

Тұтқындауға байланысты тергеуші анкетада А. Байтұрсынұлы «қазақ арасында сепараттық мазмұнда үкіметке қарсы үгіт жүргізгізді» деген түсінік берген. Бірақ кейінгі күндері тергеу жүргізуші жаққа бұл аргумент жетімсіз көрінген сияқты. Сол 1909 жылғы 2 желтоқсанда, яғни бес айдан соң ротмистр Левановский «А. Байтұрсынов 1905 жылдан бастап қазақ арасында қылмысты үндеу таратып, қазақтарды салық төлемеуге, қоныс аударма келгендерге жер бермеуге және басшыларға бағынбауға шақырды» деген айыптаулар қосады (ГАРФ, 2881: 22–24 пп.).

Саяси, әлеуметтік-экономикалық жағдайларды орындауды талап еткен петицияның жоғары үкімет орнына жетіп, нәтиже шығаруына А. Байтұрсынұлы бар ықылас-ниетімен тіледі. Ол сенімсіз адам ретінде бірнеше рет қамауға алынып, түрмеге де отырып шығады.

Ахметтің үкімет тарапынан ұнамай қалуының себебі халықпен тығыз байланыста болғандығынан еді. Ол қазақ шаруалары жерінің көпшілігі орыстың қоластына өткеніне, яғни мемлекет меншігіне айналғанына, салық мөлшерінің жылдан-жылға көбейіп бара жатқанына наразы болды. Сондықтан да шаруаларға салық төлеуден бас тартып, ешқашан да крестьян жағдайына көшпеуін талап етті.

Ұлт зиялысының ісі 1910 жылы 19 ақпанда Ішкі істер министрлігінің Ерекше Кеңесінде қаралып Омбы генерал-губернатор канцеляриясына «Ахмет Байтұрсыновқа екі жылға Дала өлкесінде, яғни Жетісу мен Торғай облыстарында тұруға тыйым салынады» – деген министрдің № 85 бұйрығы келеді. Бұйрықпен таныстыру вице директор Зубковқа тапсырылады. Аталған бұйрықтың шығуына себеп болған Н. Скалозубовтың Ішкі істер министріне жіберген хатындағы: «1 шілдеден тұтқындалып және ешбір айыбы дәлелденбеген Байтұрсынов неге тергеусіз ұзақ мерзім түрмеде» – деген сауалынан кейін, қайраткердің ісі бойынша тергеу жұмысы жүргізіліп, айыпты деуге еш негіз табылмағандықтан түрмеден босатқанын көрсетеді. Бұл бұйрықтың соңынан жоғарыда аталған Қарқаралы уезінің жеті азаматы – Сымахан Бөкейханов; Ыбрай Ақпаев; Хасен Ақаев; Ахмет Райымбеков; Бодаубек Райымбеков; Асылбек Сүлейменов; Байтеновтарді Томск губерниясы Барнаул қаласына екі жылға жер аударылғандығы туралы министрдің бұйрығы келеді (ҚР ОМА, 5832: 81–90 пп.).

Осылайша, А. Байтұрсынов депутат Н.Л. Скалозубовтың араласуымен түрмеден босап, саяси көзқарасының «сенімсіздігіне» орай қазақ даласынан шалғай орналасқан Орынбор қаласын мекендеуге рұхсат алды. Зайыбы Бәдрисафаның Петерборға бірнеше рет Ахметті босатуды немесе кепілдікке шығаруды жолдаған хаты өз септігін тигізді. Ахмет осы шешімге орай 9 наурыздан бастап Орынборға келіп, 1917 жылға дейін сонда тұрады. Жалпы, Орынбор шаһары – Ахметке бұрыннан таныс қала, әрі жүрегіне ыстық мекен болатын. Өйткені, ол осында оқып, білімі жетілді, үлкен өмірге «мұғалім» деген жолдама алды. Араға талай жылдарды салып, тағдыр оған осы қалаға қайта келіп, тұруды маңдайына бұйыртты. Қоғам қайраткері А. Байтұрсынұлының қазақ жұрты үшін жасаған алуан қызметінің кіндігі де осы Орынбордан бастау алады. А. Байтұрсынұлы жаңа қонысқа келген соң, Торғай-Орал переселен (қоныс аударушылар) партиясына кеңсе ісін жүргізуші болып жұмысқа кіреді. Бұл мекемеде шамамен, екі жарым жылдай уақыт, 60 сом жалақымен ерікті жалданушы болып жұмыс жасайды (Имаханбетова, 2010: 55 б.). Ахметтің Орынборға 1910-шы жылдың басында келсе де, араға үш жыл салып, газетті шығаруға әрең қол жеткізгендіктерінен көруге болады. Шындығында, ұлт газетін шығаруды Алаш арыстары патша атына петиция жолдайтын 1905-ші жылдан жоспарлаған. Петицияда көтерген 11 мәселенің үшіншісі – қазақ тілінде газет шығару болатын. Бірақ, әлеуметтік ортадағы түрлі кедергілердің салдарынан, олар ұлт газетін шығаруға араға 7-8 жыл салып, бақуаттылардың қаржылай көмегінің арқасында мүмкіншілік алады. Орынборда Ә. Бөкейхан, М. Дулатовтармен ақылдаса, ұйымдаса келе «Қазақ» газетін шығаруды ұйғарды. Сөйтіп, 1913–1918 жылдар аралығында «Қазақ» газетін өзінің басшылығымен, редакторлығымен және М. Дулатовтың қосалқы редакторлығымен шығарып, қазақ халқының өзекті мәселелерін көтере білді.

«Қазақ» газетін шығаруға 1913 жылдың 5 қаңтарында Орынбор генерал-губернаторының рұқсаты алынып, алғашқы нөмірі 2 ақпанда Орынбордағы «Кәрімов, Хұсайыновтар баспаханасында» басылып шықты. Газеттің бір жыл болуына орай жарияланған «2-нші феурал» деген бас мақалада тәуекел деп газет шығаруды бастағанда небәрі 750 сом ғана қаражатымыз

болып, жабылуға шақ қалғанда жұрт болып жабылып көтермелеп басылымның жабылып қалмауына жәрдем бергендерге «Қазақ» атынан алғыс білдірген («ҚАЗАҚ» газеті, 2018: 45 б.). Басылымды ұлттық деңгейге көтерген, ел жаңашыры болған Ахмет Байтұрсынұлы патша саясатынан қысым көрсе де, 1913 жылдан бастап 1917 жылдың қыркүйегіне дейін тоқтаусыз жарық көруіне, оның тартымды да, маңызды болуына қыруар еңбек етіп, қазақ халқының ең түйінді мәселелерін көтере білді. Газеттің жарық көргенін күллі халық қуанышпен қарсы алды. Әр санында оның мақсатын, ұстанған бағытын құптаған шағын құттықтау хаттар жарияланып тұрды.

Газет жарық көргенде қалың оқырманға мына өлең жолдарын арнау етті.

Мінекей, қалың қазақ қара тура!
«Бұл кім?» деп жатырқама түрін көре.
Жас «Қазақ» жаңа талап, жарық ойлы,
Келіп тұр, қол қусырып сәлем беріп.
Алыстан іздеп келген бауырларың!
Халіңнің сырттан көріп ауырларын,
Жеңілту жайын соның кеңесуге,
Қазақтың бас қостырмақ қауымдарын.
Жылына бір-ақ тоқты сыбағасы,
Ол жейтін бір-біріңнен қонағасы,
Атақ та, даңықта да бөтендік жоқ,
Білгенге бұл да Алаштың шын баласы.

Газетке жазылу бағасы бір тоқтының құны екендігін оны әр қонақ келген сайын жейтіндерін алға тартып, газетке жазылуға шақырды.

Жалпы газеттің «Қазақ» атауының себебі Ахмет Байтұрсынұлының газеттің алғашқы нөмірінде жарияланған мақаласында жан-жақты ашылып көрсетілді. «Атаулы жұртымыздың, ауданды ұлтымыздың аруақты аты деп, газетамыздың есімін «Қазақ» қойдық. Ұлт үшін деген ұранымыздың ұлғаюына күшін қосып, көмектесіп, қызмет ету қазақ баласына міндет», – делінді мақалада («ҚАЗАҚ» газеті, 2018: 9 б.).

А. Байтұрсынов алға тұтқан мұраты мен ұстанған жолы, бағыт-бағдарын қазақ жұртына кең тарата жеткізіп, үзбей насихаттап отыру мақсатымен, газетті шығару үшін Орынбор қаласын таңдаған. А. Байтұрсыновтың «Қазақ» газетін неліктен Орынбор қаласында шығармақ болғандығын мынадай себептермен түсіндіруге болады: біріншіден, Орынбор қаласы шығыс пен батысты жалғастырып тұрған ірі мәдени, сауда орталығы болған; екіншіден, онда араб графикалы қазақ тілінде газет шығаруға қолайлы үш татар баспаханасы болған. Олар 1906 жылдан бастап татар тілінде оншақты газет, журналдар шығарып тұрған. Сол кездегі қазақ қоғамында қалыптасқан тарихи, саяси оқиғалар А. Байтұрсыновтың бұл шешімінің дұрыстығын растайды. Кейін Орынбор қаласы қазақ оқығандарының мәдени, рухани орталығына айналды. Орынбордағы баспаханаларды Р. Фахрединов, Ф. Каримов, ағайынды З және Рамеевтер, Т. Соловьев сияқты төңкеріске дейінгі кезеңдегі татар және башқұрт мәдениетінің аса көрнекті қайраткерлері басқарған («ҚАЗАҚ» газеті, 2018).

Біздің газетамыздың таңбасы «Қазақ», яғни қазақтығымызды сақтау. Қазақтық, әрине, аты мен тілі жоғалмаса сақталады. Бұл айтқанымыз орысша иә басқаша оқымасын деген емес, орысша тілді де білу керек, бірақ өз тілінен жиренбеске керек деген сөз. Тұтынбаған нәрсе жоғалады. Он жыл, он бес жыл еңбек етіп, қиналып орыс иәки әдеби тілді үйренгендерге өз тілімен жазуды үйрену қиын деп ешкім айта алмас. Орысша білудің де, әдеби тілді білудің де орындары бар: біздің қарауымызша оларды өз орындарына жұмсау тиіс. Ақырында айтатынымыз: әдеби тілді сүйетін бауырларымызға газетаны қазақтың қара тілімен жазғанымыз ұнамсыз көрінсе, ол кемшілігімізге кешу өтінеміз. Жұрт үшін шығарылған нәрсе жұртқа жақын болуы тиіс. Аспандағанмен, жерден алыс кете алмаспыз, артылдық дегенмен, елден алыс кете алмаспыз («ҚАЗАҚ» газеті, 2018: 20 б.).

1915 жылдың 1 қаңтарынан бастап «Қазақ» газеті аптасына екі рет шыға бастағаны белгілі. Газетті аптасына екі рет шығару үшін патша үкіметінің ресми орындарынан газет бағдарламасын

бекіткен арнайы рұхсатын растайтын куәлігін алу қажет болған. Сол себептен, А. Байтұрсынов 1914 жылдың 8 қарашасында газетті жетісіне екі рет шығару үшін губернатордың атына өтініш жазған. Өтінішке газет бағдарламасын қосып жіберген. Өтініште: «Жоғары мәртебелім! 1915 жылдың 1 қаңтарынан бастап «Қазақ» газетін аптасына екі рет шығаруға рұхсат беруіңізді сұраймын. Газет алдында бекітілген бағдарламаға сәйкес, бағдарламадан ауытқымайды деп сендіремін. 8 қараша 1914 жыл. Орынбор» («ҚАЗАҚ» газеті, 2018: 5 б.) деп мәлімдеген.

А. Байтұрсынов газетті аптасына екі рет шығарудағы мақсатын: «жүртпен жиірек тілдесу, көбірек кеңесу, тезірек хабар беру» болды деп түсіндірген, яғни халық арасына жиі таралған газет өзінің дер кезінде жеткізген хабары арқылы пайдалы кеңесін беріп, көбірек қызмет етеді деген. Көп кешіктірмей Орынбор губернаторы Ахметке 1914 жылы 28 желтоқсандағы №4962 бұйрығымен 1915 жылдың 1 қаңтарынан бастап «Қазақ» газетін толық көлемде аптасына екі рет шығаруға рұхсатын берген. Рұхсатта: «Баспа ісінің Бас басқармасы. Желтоқсан 1914 жыл. Орынбор қаласында құрылған «Азамат» серіктестігінің баспаханасынан 1915 жылдың 1 қаңтарынан бастап қазақ тіліндегі «Қазақ» газетін аптасына екі рет шығаруға рұхсат етемін. Газет редакторы А. Байтұрсынов. Газетке бақылаушы етіп Торғай облыстық басқармасының тілмәші М.Тунганчинді бекітемін» – деп Орынбор генерал-губернаторы «Қазақ» газетін үнемі бақылауда ұстап, дер кезінде қажетті мәліметтерді жинауды Торғай облыстық басқармасының тілмәші Тунганчинге арнайы тапсырғаны мәлім болды. Ал газетті шығару мәселесіне байланысты құжатта былай деп көрсетіледі: «К. Хусаинов және К-о серіктестігі баспаханасынан басылып, бір жылдық бағасы 4 сом, жарты жылға 2 сом 50 тиын, үш айға 1 сом 50 тиын, ал жеке данасы 5 тиыннан сатуға рұхсат деліген («ҚАЗАҚ» газеті, 2018).

А. Байтұрсынов халықтың қолдауына сүйенген газеттің жетімдік көрмегенін айтады. Жетімдік көрмеседі қарсыласу мен өмір сүріп келе жатқан газет көп санды жазылушыларға қолы жетпеді, соған қарамастан оның оқырмандарының деңгейі жастар болды. Солардың ішінде, әсіресе елден тысқары жүрген, Ресейдің іргелі қалаларында оқитын қазақ студенттерінің газетке деген құмарлығы мен ықласы ерекше ыстық болды. Газетке бір жыл толғанда редакцияға жан-жақтан, әсіресе Ресейде оқитын қазақ студент-жастарынан жүрек жарды құттықтау жеделхаттар ағылып келді, солардың ішінде: «Қазақтың таң сәулесі жылға толғанын құттықтаймыз, һәм еңбегі болашақта жемісті болып, жұрт пайдасын көргенін тілейміз! Қазақ студенттері, 2 ақпан, Қазан», «... Жас қазақтың толған жылын құттықтаймыз, һәм қымбат ұлтымыз қазақ жұртын нұрландыру жолында өмірлі болып, көп жылдар қызмет етуін тілейміз! Жас қазақтар, 2 ақпан, Петербор.», «Саратов университетіндегі қазақ студенттері атынан «Қазақ» газетасын жылы толғанын құттықтаймыз, һәм өмірлі болып, мұнан да кейін ілгері басуын тілейміз! Қасболатов, 1 ақпан, Саратов» («ҚАЗАҚ» газеті, 2018: 18 б.). Халық арасында осындай зор құрметті беделге ие болған. Бұған қоса айтарымыз: «Қазақ» газеті шыға бастағанда-ақ жұртқа өзін сүйкімді көрсетті. Қазақтың ілгері қатарындағы оқығандары, білімділері қолдарынан келгенше көмегінде болып, үміт етерлік адамдар тегіс жазыса бастады. «Қазаққа» жұрттың ықыласы «Айқаптан» гөрі артығырақ болды» деп қазақ жұртының сол кездегі бар басылымдар арасынан «Қазақ» газетіне деген құмарлығы тіпті «Айқап» журналынан да зор екендігін көрсетіп тұр.

А. Байтұрсыновтың «Қазақ» газетінің редакторлық қызметін атқарудағы ерлігін, газетті үзбей шығару жолында бес жыл бойы көрген қуғын-сүргіндері, патша үкіметінің қатаң бақылауының оған жасаған шексіз қиянаты мен зұлымдығын деректерден анық көрініп тұр. Бұндай үлкен қиянаттар туралы газеттің өзі былай дейді: «Жер аудару» деген мақала басылған №9-ші санынан бастап кешегі өзгеріске шейін тергеу, тексеру, тінту, абақты, штрафтан «Қазақтың» көзі ашылған жоқ» газеттің үстінен түскен шағымдар туралы айтқан.

А. Байтұрсынұлы «...сөзі жоғалған жұрттың өзі де жоғалады» деген қағидасын әрбір бұратана халықтың ұлт болып қалыптасуындағы ең өзекті мәселе» деп қарайды. Сол үшін ұлттық әліпбиді қалыптастыру үшін бар білімін сарп етіп, осы жолда тынбай еңбектенді. Ұлттың сақталуына да жоғалуына да себеп болатын нәрсенің ең қуаттысы – тіл. Өз ұлтына басқа жұртты қосамын дегендер әуелі сол жұрттың тілін аздыруға тырысады. Егер де біз қазақ деген ұлт болып тұруды тілесек, қарнымыз ашпас қамын ойлағанда тіліміздің де сақталу қамын қатар ойлау керек» – деп баспасөз бетінде жазып отырғанына тарих куә.

«Қазақ» газеті арқылы көтерілген саяси мәні зор мәселесінің бірі, қазақ халқын қорлап, тарихи шын атын бұрмалағаны ұлт зиялысының намысын қайрады. Аталған газеттің екінші, үшінші сандарында «Қазақ тарихы» атты мақаласында А. Байтұрсынов қазақтың аты қырғыз емес «қазақ» деп, қазақтың өз алдына дербес ел екенін ашық айтқан. Өзіміздің, «әсіресе басшылардың қазақ пен қырғызды айырмағаны қате, кешірілмес күнә... қазақ өзінің атынан айырылып, қырғыз атанып жүре бермекші емес. Қияметке дейін қазақ қазақ боп жасамақшы» деп түйіндейді. Ал қазақ «қазақ» болып қалуы үшін өз алдына әдет-ғұрпына, салт-санасына сай мәдениет құруы қажет деген пікірін білдіреді. Оның осы озық ойының талабына отаршыл саясат қарсылығын білдірген. Бұл орынды талап шешімін Қазан төңкерісіне дейін оңды шешімін таба алмаған. Тіпті төңкерістен кейін де өз алдына бөлек автономия алған қазақ елі Қырғыз Кеңес республикасы атанды.

А. Байтұрсынов бұндай қиянатқа төзбегендіктен, қазақтың өз атын өзіне қайтару үшін Қазақстанның орталық үкіметі «киргиз» деген атты жойып, «қазақ» деген атты қолдануға жарлық шығаруы керек деген талабын қойды. Қазақты «қазақ» дейік, тарихи катені түзетейік деді.

А. Байтұрсыновтың қозғаған қоғамдық пікірі үдей түсті. Бұл мәселені ол 1925 жылдың 15-19 сәуір аралығында Қызылорда қаласында өткен V съезінде қайта көтеріп, тағы бір ерлік көрсетті. Халқымызға өзінің «қазақ» деген атын қайтарып, елімізді «Қазақтың Автономиялық Социалистік Республикасы» деп атау жөнінде ұсыныс енгізді. Ол өз ұсынысын жан-жақты дәлелдей келіп, «ал енді қазақ елі атын бүгіннен бастап жалпы әлемге «Қазақ» деп атандырсын дейміз» деп ұран тастады. Орталық Атқару комитеті төралқасының 1936 жылғы 9 ақпандағы қаулысы бойынша ұлтымыздың аты өзімізге қайта оралды. А. Байтұрсыновтың осындай күш-жігерінің арқасында бүгінде қазаққа өз аты қайтарылып «қазақ» болып жүр.

«Қазақ» газеті Қазан төңкерісіне дейінгі баспасөз тарихында ең шоқтығы биік басылым болған. Оған апталықтың ұстанған жолы, мұрат-мақсаты шын мәнінде «халықтың көзі, құлағы һәм тілі» бола білген қызметін айта келіп, өзге басылымдарға қарағанда, барынша ұзақ мерзімді әрі жиі шығып тұрған басылым болған.

Қорытындылай айтқанда қазақ деген ұлыстың ұлт болып қалыптасуының тамыры тереңде жатса да, оның бірі-бірімен қатынас құралы ретіндегі төл тілі – сөйлесу тілі болғанымен, төл жазуы өзінен ілгері жұрттың таңбасына тәуелді болды. Ғасырлар бойы бөгде жұрттың таңбасына таңылу, тіл майданында өзінің тарихи тұлғасы – Ахметті күрес сахнасына шығарды. Тілімізге төтеден түрен салып, дербестік әперу бақыты Ахметтің маңдайына жазылған тағдырдың тауқыметті де ең үлкен сынағы болатын. Ахаң түрлеген ана тіліміздің ұлт тілі ретінде мойындалуы оңайға түскен жоқ. Сан рет сүзгіден өтіп, талай-талай талқыға түсті. Ілімі мен білімі озған елдердің ғалымдары да бодан елдің болмысы бөлек баласының бойындағы «ұлттық бұлқынысты» көрді. Дарын иесінің даралығын таныды, әрі үлкен сынақтан сүрінбей өткенін мойындады.

Information about authors:

R.E. Orazov – The Master of Humanities. Institute of History and Ethnology named after Ch.Ch. Valikhanov. Kazakhstan, Almaty, <https://orcid.org/0000-0002-5473-2050>, E-mail: r.o.e@mail.ru;

M.R. Satenova – The Master of Humanities. Institute of History and Ethnology named after Ch.Ch. Valikhanov. Kazakhstan, Almaty. <https://orcid.org/0000-0001-9929-2610>.

ӘДЕБИЕТТЕР МЕН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ:

«ҚАЗАҚ» газеті. 1914 жыл. 2-ші басылымы / Құраст.: С. Смағұлова, Ғ. Әнес, Т. Замзаева. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2018. – 360 б.

Әуезов М. Аханның елу жылдық тойы (юбилей) Ақ жол: Жалын. 1991. – 280 б.

Байтұрсынов А. Шығармалары: Өлеңдер, аудармалар, зерттеулер (Құраст. Шәріпов Ә., Дәуітов С.). – Алматы: Жазушы, 1989. 320 б.

ГАРФ. 7-қ., 109-т., 2881-іс.

Дулатов М. Ахмет Байтұрсунович Байтұрсунов (библиографический очерк) //Труды Общества изучения Киргизского края. Вып. 3. – Оренбург. 1922. – С. 15–25.

- Имаханбетова, 2010 – Имаханбетова Р.С. Ғасыр саңлағы: Ахмет Байтұрсынұлының шығармашылық ғұмырбаяны (мұрағат деректері негізінде). Монография. – Астана: «Педагогика ПРЕСС», 2010. – 234 б.
- Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы. – Алматы: Санат. 1995 – 365 б.
- ҚР ОМА. 81-қ., 1-т., 1652-іс.
- ҚР ОМА. 25-қ., 1-т., 2350-іс.
- ҚР ОМА. 64-қ., 1-т., 5658-іс.
- ҚР ОМА. 64-қ., 1-т., 5832-іс.
- ҚР ОМА. 95-қ., 2-т., 93-іс.
- Нүрпейісов К. Алаш һәм алашорда. – Алматы: Ататек. 1995. – 256 б.
- Омаров Е. Ученая деятельность А.Б. Байтурсунова. //Труды Общества изучения Киргизского края. Вып. 3. – Оренбург. 1922. – С. 7–16.
- Шонанов Т. Ахмет Байтұрсынұлы Байтұрсунов в области народного просвещения и литературы. Ұлттық рухтың ұлы тіні (ғылыми мақалалар жинағы). – Алматы: Ғылым. 1999. – 182 с.

REFERENCES:

- «QAZAQ» gazetі. 1914 zhyl. 2-shi basylymy / Kyrast.: S. Smagylowa, F. Anes, T. Zamzaeva. – Almaty: «Arys» baspasy, 2018. – 360 b. [in Kazakh].
- Auevov M. Akhannyn elu zhyldyq tojy (yubilej) Aq zhol: Zhaly`n. 1991. – 280 b. [in Kazakh].
- Bajtyrsynov A. Shygarmalary: Olender, audarmalar, zertteuler (Kyraст.: Sharipov A., Dautov S.). – Almaty: Zhazushy, 1989. 320 b. [in Kazakh].
- GARF. 7-қ., 109-т., 2881-іс.
- Dulatov M. Akhmet Bajtursunovich Bajtursunov (bibliograficheskiy ocherk) //Trudy` Obshhestva izucheniya Kirgizskogo kraяa. Vyp. 3. – Orenburg. 1922. – S. 15–25. [in Kazakh].
- Imakhanbetova R.S. Gasyr sanlagy: Akhmet Bajtyrsynulyynyn shygarmashylyq gymyrbayany (myragat derekteri negizinde). Monografiya. – Astana: «Pedagogika PRESS», 2010. – 234 b. [in Kazakh].
- Kojgeldiev M. Alash kozgalysy. – Almaty: Sanat. 1995 – 365 b.
- QR OMA. 81-қ., 1-т., 1652-іс.
- QR OMA. 25-қ., 1-т., 2350-іс.
- QR OMA. 64-қ., 1-т., 5658-іс.
- QR OMA. 64-қ., 1-т., 5832-іс.
- QR OMA. 95-қ., 2-т., 93-іс.
- Nyrpejsov K. Alash һәм alashorda. – Almaty: Atatek. 1995. – 256 b. [in Kazakh].
- Omarov, 1922 – Omarov E. Uchenaya deyatel`nost` A.B. Bajtursunova. //Trudy` Obshhestva izucheniya Kirgizskogo kraяa. Vy`p. 3. – Orenburg. 1922. – S. 7–16. [in Russian].
- Shonanov T. Akhmet Bajtursynovich Bajtursunov v oblasti narodnogo prosveshheniya i literatury. Ultyk rukhtyn yly tini (gylimi maralalar zhinary). – Almaty: Gylım. 1999. – 182 s. [in Kazakh].

МАЗМҰНЫ ТЕОРИЯ ЖӘНЕ ӘДІСНАМА

Бұрханов Б.Б. КЕҢЕСТІК ОРТАЛЫҚ АЗИЯДАҒЫ ИСЛАМНЫҢ КЕЙБІР ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ (ТАРИХНАМАЛЫҚ ШОЛУ).....	4
Кушқумбаев А.Қ., Уалиев Т.А. ЕР ЕДІГЕ ЖЫРЫНЫҢ ТАРИХНАМАСЫ (XIX ғ. II-жартысы – XX ғ. I-жартысы).....	15
Қапаева А.Т. ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ 1921 – 1922 ЖЫЛДАРДАҒЫ АШАРШЫЛЫҚТЫ ЗЕРТТЕУДІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ-МЕТОДОЛОГИЯЛЫҚ ҰСТАНЫМЫ.....	27

ТАРИХ

Ағатай Ө.М. ҚАЗАҚ БАТЫРЛАР ЖЫРЛАРЫНДАҒЫ ДӘСТҮРЛІ ЖАҚ (ЖАЙ) ҚАРУЫ.....	41
Бекенова А.А. СОҒЫСТАН KEЙІНГІ ОНЖЫЛДЫҚТАҒЫ ҚАЗАҚСТАН ШАРУАЛАРЫНЫҢ КҮНДЕЛІКТІ ТҮРМЫСТАҒЫ МЕРЕКЕЛЕУ МӘДЕНИЕТІ (1945 – 1955).....	56
Дүйсенова Н.К., Смағұлов Б.Қ. 1930 – 1950 ЖЫЛДАРДАҒЫ ҚАЗАҚСТАННЫҢ МУЗЕЙ САЛАСЫ ДАМУЫНЫҢ КЕЙБІР АСПЕКТІЛЕРІ.....	70
Закарья Р. ЕУРОПАЛЫҚ МИГРАНТТАРДЫҢ КСРО-ҒА ҚОНЫС АУДАРУЫНЫҢ АЛҒЫШАРТТАРЫ, СОНДАЙ-АҚ ОЛАРДЫҢ НЕГІЗГІ КАТЕГОРИЯЛАРЫ.....	81
Көкебаева Г.К., Шілдебай С.Қ., Стамшалов Е.И. 1967 ЖЫЛҒЫ ШЫМКЕНТ КӨТЕРІЛІСІ	98
Крупко И.В. ОТЫРАР КІТАПХАНАСЫНЫҢ БЕЙНЕ ЖӘНЕ НАРРАТИВ СЕМИОЗИСІ: ЖОҒАЛҒАН АҒАРТУШЫЛЫҚТЫ ІЗДЕСТІРУ БАРЫСЫНДА.....	112
Күнікеев А.Д., Жетпісбай Н.Ы. ЖОЛАМАН ТІЛЕНШІҰЛЫ БАСТАҒАН КӨТЕРІЛІС (1822 – 1840).....	126
Қалыбекова М.Ш. XX ҒАСЫРДЫҢ 30 – 50 ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ БІРІГЕЙЛІКТІ ЖОЮ МӘСЕЛЕЛЕРІ.....	138
Қасымова Д.Б. Ж. ШАЯХМЕТОВ ПЕН Д. ҚОНАЕВ ҚЫЗМЕТТЕРІНЕН ҚАЛАЙ КЕТТІ: ЖАЛПЫ ЖӘНЕ ЕРЕКШЕ КЕЗЕҢДЕРІ.....	151
Қозыбаева М.М. СОҒЫСТАН KEЙІНГІ КЕЗЕҢДЕ ҚАЗАҚСТАН КОЛХОЗДАРЫНЫҢ	

ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУЫ (1946 – 1953).....	163
Қуанбай О.Б. ҚҰЛСАРЫ БАТЫР – ДИПЛОМАТ, МЕМЛЕКЕТ ЖӘНЕ ҚОҒАМ ҚАЙРАТКЕРІ (1715–1776).....	172
Құдайбергенова А.И., Мамытова С.Н., Көбеев Р.Ж. АШЫҚҚАН ҚАЗАҚ БОСҚЫНДАРЫНЫҢ АУЫП БАРҒАН ЖЕРДЕГІ ЖАҒДАЙЫ ТУРАЛЫ АРХИВТІК ДЕРЕКТЕРДЕН (1931 – 1933).....	185
Муканова Г.К., Байжуманова З.Б. БӨКЕЙХАНОВТЫҢ РЕДАКТОРЛЫҒЫНДАҒЫ «БАХАИЗМ» ЖАЙЛЫ ДӘРІСТЕР ЖӘНЕ СМАҒҰЛ СӘДУАҚАСОВТЫҢ «ОҚУЛЫҚ ЖАЗБАЛАРЫ».....	196
Нурсултанова Л.Н., Еркін А.Е. ҚАЗАҚСТАН ЖӘНЕ ТАЯУ ШЫҒЫСТЫҢ САЯСИ – ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЫНТЫМАҚТАСТЫҒЫ: ТАРИХИ-ХРОНОЛОГИЯЛЫҚ АСПЕКТИ.....	206
Оразов Р.Е., Сатенова М.Р. АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ҚОҒАМЫ.....	217
Оспанов Н.М. КЕҢЕС ОДАҒЫНЫҢ БҰҰ-ДАҒЫ ӘСКЕРИ ТҮТҚЫНДАРДЫ РЕПАТРИАЦИЯЛАУ МӘСЕЛЕСІНЕ ҚАТЫСТЫ САЯСАТЫ.....	228
Ошан Ж. ҚЫТАЙ ЖАЗБАЛАРЫНДАҒЫ ЕЛТЕРІС ҚАҒАН ТУРАЛЫ ШІНАРА МӘЛІМЕТТЕР.....	238
Сарманова С.Р., Қозыбаева М.М., Маслов Х.Б. ӘЛИХАН БӨКЕЙХАН ЖӘНЕ ҚАЗАҚТАРДЫҢ ЭТНИКАЛЫҚ БІРЕГЕЙЛІГІН ДАМУ МӘСЕЛЕЛЕРІ.....	249
Сманова А.М. АХМЕТ ЗӘКИ УӘЛИДИДІҢ ҒЫЛЫМИ ҚЫЗМЕТІ ЖӘНЕ ДҮНИЕТАНЫМДЫҚ КӨЗҚАРАСЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ.....	257
Стась И.Н., Нурбаев Ж.Е., М.М. Козыбаева АҚМОЛА ҚАЛАСЫНДАҒЫ ХІХ Ғ. ЕКІНШІ ЖАРТЫСЫ – ХХ Ғ. БАСЫНДАҒЫ ҒИБАДАТХАНА ҚҰРЫЛЫСЫНЫҢ ТАРИХЫНАН (ФОТОҚҰЖАТТАР МАТЕРИАЛДАРЫНДАҒЫ СӘУЛЕТТІК ТАЛДАУ).....	266
Ш.Б. Тілеубаев, С.Г. Белоус, Н.Н. Құрманалина, А.Н. Конкабаева ХХ ҒАСЫРДЫҢ БАСЫНДАҒЫ ҚОҒАМДЫҚ ҰЙЫМДАР МЕН ҰЛТЗИЯЛЫЛАРЫНЫҢ МУЗЕЙ ІСІН ҰЙЫМДАСТЫРУДАҒЫ ҚЫЗМЕТІ.....	277
Түрсүн Х.М., Шаметов С.Т., Исаев М.С. ИСЛАМДЫҚ ЖӘНЕ ХРИСТИАНДЫҚ ЖЕРАСТЫ МІНАЖАТ ОРЫНДАРЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫСЫ МЕН ҚЫЗМЕТІНДЕГІ ОРТАҚ БЕЛГІЛЕР.....	289
Ханна Матт ЖАҒАҢДЫҚ ӘСКЕРИ ТҮТҚЫНДАУ ҚҰБЫЛЫСЫ БІРІНШІ ДҮНИЕЖҮЗІЛІК СОҒЫС КЕЗІНДЕ: ТҮРКІСТАН ТӘЖІРИБЕСІ (1914 – 1916).....	301

Черепанов К.В.

Д.А. ҚОНАЕВТЫҢ АЛМАТЫНЫҢ ЕЛОРДАЛЫҚ
КЕЛБЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ РӨЛІ.....314

Шакиева А.С.

ОТАН ТАРИХЫНДАҒЫ ЖОШЫ ҰЛЫСЫНЫҢ ЗЕРТТЕЛУІ:
КЕҢЕСТІК КЕЗЕҢ ЖӘНЕ ҚАЗІРГІ ТАРИХ (САЛЫСТЫРМАЛЫ ТАЛДАУ).....329

Шотанова Ғ.А., Өжкенев Е.М., Жұмаділ А.Қ.

БӨКЕЙ ОРДАСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚТАР:
ДӘСТҮРЛІ ҚОҒАМДЫ ЖАҢҒЫРТУДЫҢ БАСТАЛУЫ.....340

АНТРОПОЛОГИЯ

Әжіғали С.Е., Әшім Б.Ә.

БАТЫС ҚАЗАҚСТАН КЕШЕНДІ ЭТНОГРАФИЯЛЫҚ-ЭТНОАРХЕОЛОГИЯЛЫҚ
ЭКСПЕДИЦИЯСЫНЫҢ 2021 ЖЫЛЫ ҚОБДА ӨЛКЕСİNДЕ ЖҮРГІЗГЕН ЗЕРТТЕУЛЕРІ.....353

Ганиева А., Ананьевская Е., Хасенова Б.

ҚАЗАҚ ҚЫСТАУЫНЫҢ ЗАТТЫҚ ТОПТАМАСЫ:
АҚМОЛА ӨҢІРІНДЕГІ ДАЛАЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕР МАТЕРИАЛДАРЫ БОЙЫНША.....361

Кулагина Е.В., Смағұлов Б.Қ., Болсынбек Т.Н.

ОМБЫ ӨЛКЕТАНУШЫСЫ СЕРГЕЙ РОМАНОВИЧ ЛАПТЕВТИҢ ЖОЛ ЕСТЕЛІКТЕРІНДЕГІ
ҚАЗАҚТЫҢ ДӘСТҮРЛІ МӘДЕНИЕТІНЕ
ҚАТЫСТЫ ЭТНОГРАФИЯЛЫҚ МӘЛІМЕТТЕР.....370

Рогожинский А.Е., Камалдинов И.Р.

ОРТАҒАСЫРЛЫҚ АСПАРА ЖӘНЕ ШАРУАШЫЛЫҚ ҚАЛАЛАРЫ
(2021 – 2022 ЖЫЛДАРДАҒЫ ЗЕРТТЕУЛЕРДІҢ АЛДЫН-АЛА НӘТИЖЕЛЕРІ).....384

МЕРЕЙ ЖАС

Алдажуманов Кайдар Сейсембаевұлы – 80 жас.....393

СОДЕРЖАНИЕ

ТЕОРИЯ МЕТОДОЛОГИИ

- Б.Б. Бурханов**
О НЕКОТОРЫХ СПЕЦИФИЧЕСКИХ ЧЕРТАХ ИСЛАМА
В СОВЕТСКОЙ ЦЕНТРАЛЬНОЙ АЗИИ (ИСТОРИОГРАФИЧЕСКИЙ ОБЗОР).....4
- А.Қ. Кушкумбаев, Т.А. Уалиев**
ИСТОРИОГРАФИЯ ЭПОСА ЕР ЕДІГЕ ВО II ПОЛОВИНЕ XIX – I ПОЛОВИНЕ XX ВВ.....15
- А.Т. Капаева**
ТЕОРЕТИКО–МЕТОДОЛОГИЧЕСКИЕ ПОДХОДЫ
К ИЗУЧЕНИЮ ГОЛОДА 1921 – 1922 ГГ. В КАЗАХСТАНЕ.....27

ИСТОРИЯ

- У.М. Агатай**
ТРАДИЦИОННОЕ ОРУЖИЕ ЛУК В КАЗАХСКОМ ГЕРОИЧЕСКОМ ЭПОСЕ.....41
- А.А. Бекенова**
КУЛЬТУРА ПРАЗДНОВАНИЯ В ПОВСЕДНЕВНОЙ ЖИЗНИ
КРЕСТЬЯН КАЗАХСТАНА В ПОСЛЕВОЕННОЕ ДЕСЯТИЛЕТИЕ (1945-1955).....56
- Н.К. Дуйсенова, Б.Қ. Смагулов**
НЕКОТОРЫЕ АСПЕКТЫ РАЗВИТИЯ МУЗЕЙНОЙ
СФЕРЫ В КАЗАХСТАНЕ В 1930-Х – 1950-Х ГГ.....70
- Р. Закарья**
ПРЕДПОСЫЛКИ МИГРАЦИИ В СССР ЕВРОПЕЙСКИХ МИГРАНТОВ,
А ТАКЖЕ ИХ ОСНОВНЫЕ КАТЕГОРИИ.....81
- Г.К. Кокебаева, С.К. Шилдебай, Е.И. Стамшалов**
ЧИМКЕНТСКОЕ ВОССТАНИЕ 1967 ГОДА.....98
- И.В. Крупко**
СЕМИОЗИС ОБРАЗА И НАРРАТИВА ОТРАРСКОЙ БИБЛИОТЕКИ:
В ПОИСКАХ УТРАЧЕННОГО ПРОСВЕЩЕНИЯ.....112
- А.Д. Куникеев, Н.Ы. Жетписбай**
ВОССТАНИЕ ПОД РУКОВОДСТВОМ ЖОЛАМАНА ТЛЕНШИЕВА (1822-1840).....126
- М. Калыбекова**
ПРОБЛЕМЫ РАЗРУШЕНИЯ НАЦИОНАЛЬНОЙ
ИДЕНТИЧНОСТИ В 30-50-Е ГОДЫ XX ВЕКА.....138
- Д.Б. Касымова**
КАК «УХОДИЛИ» СО СВОИХ ПОСТОВ Ж. ШАЯХМЕТОВ
И Д. КУНАЕВ: ОБЩЕЕ И ОСОБЕННОЕ.....151
- М.М. Козыбаева**

СОЦИАЛЬНО-ЭКОНОМИЧЕСКОЕ РАЗВИТИЕ КОЛХОЗОВ КАЗАХСТАНА В ПОСЛЕВОЕННЫЙ ПЕРИОД (1946-1953).....	163
О.Б. Куанбай КУЛСАРЫ БАТЫР – ДИПЛОМАТ, ГОСУДАРСТВЕННЫЙ И ОБЩЕСТВЕННЫЙ ДЕЯТЕЛЬ (1715-1776).....	172
А.И. Кудайбергенова, С.Н. Мамытова, Р.Д. Кубеев ИЗ АРХИВНЫХ ДАННЫХ О ПРЕБЫВАНИИ КАЗАХСКИХ ГОЛОДОБЕЖЕНЦЕВ НА МЕСТАХ ОТКОЧЕВКИ (1931-1933).....	185
Г.К. Муканова, З.Б. Байжуманова ЛЕКЦИЯ ПО «БЕХАИЗМУ», РЕДАКТОР БУКЕЙХАНОВ И «ПИСАНИЕ УЧЕБНИКОВ» СМАГУЛОМ САДВОКАСОВЫМ.....	196
Л.Н. Нурсултанова, А.Е. Еркін ПОЛИТИКО – ЭКОНОМИЧЕСКОЕ СОТРУДНИЧЕСТВО КАЗАХСТАНА И БЛИЖНЕГО ВОСТОКА: ИСТОРИКО – ХРОНОЛОГИЧЕСКИЙ АСПЕКТ.....	206
Р.Е. Оразов, М.Р. Сатенова АХМЕТ БАЙТУРСЫНОВ И КАЗАХСКОЕ ОБЩЕСТВО.....	217
Н.М. Оспанов ПОЛИТИКА СОВЕТСКОГО СОЮЗА В ООН В ОТНОШЕНИИ ПРОБЛЕМЫ РЕПАТРИАЦИИ ВОЕННОПЛЕННЫХ.....	228
Ж. Ошан ЧАСТИЧНАЯ ИНФОРМАЦИЯ ОБ ЭЛЬТЕРИС-ХАНЕ В КИТАЙСКИХ ИСТОЧНИКАХ.....	238
С.Р. Сарманова, М.М. Козыбаева, Х.Б. Маслов АЛИХАН БУКЕЙХАН И ВОПРОСЫ РАЗВИТИЯ ЭТНИЧЕСКОЙ ИДЕНТИЧНОСТИ КАЗАХОВ.....	249
А. Сманова НАУЧНАЯ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ И ФОРМИРОВАНИЕ МИРОВОЗЗРЕНЧЕСКИХ УСТАНОВОК АХМЕТА ЗАКИ ВАЛИДИ.....	257
И.Н. Стась, Ж.Е. Нурбаев, М.М. Козыбаева ИЗ ИСТОРИИ ХРАМОВОГО СТРОИТЕЛЬСТВА В Г. АКМОЛИНСК ВО ВТОРОЙ ПОЛОВИНЕ XIX – НАЧАЛЕ XX ВЕКОВ (АРХИТЕКТУРНЫЙ АНАЛИЗ НА МАТЕРИАЛАХ ФОТОДОКУМЕНТОВ).....	266
Ш.Б. Тілеубаев, С.Г. Белоус, Н.Н. Курманалина, А.Н. Конкабаева ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ ОБЩЕСТВЕННЫХ ОРГАНИЗАЦИЙ И НАЦИОНАЛЬНОЙ ИНТЕЛЛИГЕНЦИИ ПО ОРГАНИЗАЦИИ МУЗЕЙНОГОДЕЛА В НАЧАЛЕ XX ВЕКА.....	277
Х.М. Турсун, С.Т. Шаметов, М.С. Исаев ОБЩИЕ ЧЕРТЫ В СТРОИТЕЛЬСТВЕ И ДЕЯТЕЛЬНОСТИ ИСЛАМСКИХ И ХРИСТИАНСКИХ ПОДЗЕМНЫХ МОЛИТВЕННЫХ МЕСТ.....	289

Ханна Матт

ГЛОБАЛЬНЫЙ ФЕНОМЕН ВОЕННОГО ПЛЕНА
В ПЕРИОД ПЕРВОЙ МИРОВОЙ ВОЙНЫ: ОПЫТ ТУРКЕСТАНА (1914 – 1916).....301

К.В. Черепанов С.Е. Ажигали, Б.А. Ашим

НЕКОТОРЫЕ РЕЗУЛЬТАТЫ ИССЛЕДОВАНИЙ ЗАПАДНО-КАЗАХСТАНСКОЙ
КОМПЛЕКСНОЙ ЭТНОГРАФО-ЭТНОАРХЕОЛОГИЧЕСКОЙ
ЭКСПЕДИЦИИ 2021 ГОДА В ХОБДИНСКОМ РЕГИОНЕ.....314

А.С. Шакиева

ИССЛЕДОВАНИЕ УЛУСА ДЖУЧИ В ИСТОРИИ ОТЕЧЕСТВА:
СОВЕТСКИЙ ПЕРИОД И СОВРЕМЕННАЯ ИСТОРИЯ (СРАВНИТЕЛЬНЫЙ АНАЛИЗ).....329

Г.А. Шотанова, Е.М. Ужкенов, А.К. Жумадил КАЗАХИ БУКЕЕВСКОЙ ОРДЫ:

НАЧАЛО МОДЕРНИЗАЦИИ ТРАДИЦИОННОГО ОБЩЕСТВА.....340

АНТРОПОЛОГИЯ

С.Е.Ажигали, Б.А. Ашим

НЕКОТОРЫЕ РЕЗУЛЬТАТЫ ИССЛЕДОВАНИЙ ЗАПАДНО-КАЗАХСТАНСКОЙ КОМПЛЕКСНОЙ
ЭТНОГРАФО-ЭТНОАРХЕОЛОГИЧЕСКОЙ ЭКСПЕДИЦИИ 2021 ГОДА В ХОБДИНСКОМ
РЕГИОНЕ.....353

А. Ганиева, Е. Ананьевская, Б. Хасенова

ПРЕДМЕТНАЯ КОЛЛЕКЦИЯ КАЗАХСКОГО КЫСТАУ:
ПО МАТЕРИАЛАМ ПОЛЕВЫХ ИССЛЕДОВАНИЙ В АКМОЛИНСКОМ ПРИИШИМЬЕ.....361

Е.В. Кулагина, Б.Қ. Смагулов, Т.Н. Болсынбек

ЭТНОГРАФИЧЕСКИЕ МАТЕРИАЛЫ ПО ТРАДИЦИОННОЙ КУЛЬТУРЕ КАЗАХОВ
В ПОЛЕВЫХ ЗАМЕТКАХ ОМСКОГО КРАЕВЕДА СЕРГЕЯ РОМАНОВИЧА ЛАПТЕВА.....370

А.Е. Рогожинский, И.Р. Камалдинов

СРЕДНЕВЕКОВЫЕ ГОРОДИЩА АСПАРА И ШАРУАШЫЛЫК
(ПРЕДВАРИТЕЛЬНОЕ РЕЗУЛЬТАТЫ ИССЛЕДОВАНИЙ В 2021 – 2022).....384

ЮБИЛЕЙ

Алдажуманов Кайдар Сейсембаевич – 80 лет.....393

CONTENTS

THEORY OF METHODOLOGY

B.B. Burkhanov ON SOME SPECIFIC FEATURES OF ISLAM IN SOVIET CENTRAL ASIA (HISTORIOGRAPHICAL REVIEW).....	4
A.K. Kushkumbayev, T.A. Ualiyev HISTORIOGRAPHY OF YER YEDIGE EPIC IN 2 ND HALF OF 19 – 1 ST HALF OF 20 CC.....	15
A.T. Капаева THEORETICAL AND METHODOLOGICAL APPROACHES TO THE STUDY OF THE FAMINE OF 1921–1922. IN KAZAKHSTAN.....	27

HISTORY

O.M. Agatay A BOW AS A TRADITIONAL WEAPON IN THE HEROIC EPICS OF THE KAZAKHS.....	41
A.A. Bekenova CULTURE OF CELEBRATION IN THE EVERYDAY LIFE OF THE PEASANTS OF KAZAKHSTAN IN THE POST-WAR DECADE (1945-1955).....	56
N.K. Düisenova, B.Q. Smagulov SOME ASPECTS OF THE DEVELOPMENT OF THE MUSEUM SPHERE IN KAZAKHSTAN IN THE 1930S – 1950S.....	70
R. Zakarya PREREQUISITES FOR MIGRATION OF EUROPEAN MIGRANTS TO THE USSR, AS WELL AS THEIR MAIN CATEGORIES.....	81
G.K. Kokebayeva, S.K. Shildebai, E.I. Stamshalov SHYMKENT UPRISING OF 1967.....	98
I.V. Krupko SEMIOSIS OF THE IMAGE AND NARRATIVE OF THE OTRAR LIBRARY: IN SEARCH OF THE LOST ENLIGHTENMENT.....	112
A.D. Kunikeev, N.N. Zhetpisbay THE UPRISING LED BY ZHOLAMAN TLENSHIEV (1822 –1840).....	126
M. Kalybekova PROBLEMS OF THE DESTRUCTION OF NATIONAL IDENTITY IN THE 30-50s XX CENTURY.....	138

D. Kassymova

HOW Z. SHAYAKHMETOV AND D. KUNAYEV LEFT THEIR POSTS:
COMMON AND PARTICULAR.....151

M.M. Kozybayeva

SOCIO-ECONOMIC DEVELOPMENT OF THE COLLECTIVE
FARMS OF KAZAKHSTAN IN THE POST-WAR PERIOD (1946 – 1953).....163

O. Kuanbay

KULSARY BATYR – DIPLOMAT, STATE AND PUBLIC ACTOR (1715 – 1776).....172

A.I. Kudaibergenova, S.N. Mamytova, R.D. Kubeyev

FROM ARCHIVAL DATA ON THE STAY OF THE KAZAKH FAMINE REFUGEES IN THE MIGRATION
DESTINATIONS (1931 – 1933).....185

G.K. Mukanova, Z.B. Baizhumanova

LECTURE ON "BEHAISM", EDITOR BUKEIKHANOV AND "WRITING TEXTBOOKS" BY SMAGUL
SADVOKASOV.....196

L.N. Nursultanova, A.E. Erkin

POLITICAL AND ECONOMIC COOPERATION OF KAZAKHSTAN
AND THE MIDDLE EAST: HISTORICAL AND CHRONOLOGICAL ASPECT.....206

R.E. Orazov, M.R. Satenova

AKHMET BAITURSYNOV AND KAZAKH SOCIETY.....217

N.M. Ospanov

THE POLICY OF THE SOVIET UNION IN THE UN WITH RESPECT TO THE PROBLEM OF
REPATRIATION OF PRISONERS OF WAR.....228

Zh. Oshan

PARTIAL INFORMATION ABOUT ELTERIS KHAN IN CHINESE SOURCES.....238

S.R. Sarmanova, M.M. Kozybayeva, K.B. Maslov

ALIKHAN BUKEIKHAN AND THE DEVELOPMENT
OF THE ETHNIC IDENTITY OF THE KAZAKHS.....249

A. Smanova

SCIENTIFIC ACTIVITY AND FORMATION OF THE WORLDVIEW OF AKHMET ZAKI
UALIDI.....257

I.N. Stas, Zh.Y. Nurbayev, M.M. Kozybayeva

FROM THE HISTORY OF TEMPLE CONSTRUCTION IN AKMOLINSK
IN THE SECOND HALF OF THE 19TH – EARLY 20TH CENTURIES
(ARCHITECTURAL ANALYSIS ON THE MATERIALS OF PHOTOGRAPHIC DOCUMENTS).....266

Sh.B. Tleubayev, S.G. Belous, N.N. Kurmanalina, A.N. Konkabayeva

ACTIVITIES OF PUBLIC ORGANIZATIONS AND NATIONAL INTELLIGENTIA ON THE
ORGANIZATION OF MUSEUM BUSINESS IN THE BEGINNING OF THE XX CENTURY.....277

H.M. Tursun, S.T. Shametov, M.S. Isaev

COMMON FEATURES IN THE CONSTRUCTION AND OPERATION OF ISLAMIC AND CHRISTIAN
UNDERGROUND PRAYER PLACES.....289

Hanna Matt

GLOBAL CAPTIVITY IN THE FIRST WORLD WAR:
PRISONERS OF WAR IN TURKESTAN, 1914 – 1916.....301

K. Cherepanov

THE ROLE OF D. A. KUNAEV IN SHAPING THE CAPITAL IMAGE OF ALMATY.....314

A. Shakiyeva

THE STUDY OF THE JOCHI ULUS IN THE HISTORY OF THE FATHERLAND:
THE SOVIET PERIOD AND MODERN HISTORY (COMPARATIVE ANALYSIS).....329

G.A. Shotanova, E.M. Uzhkenov, A.K. Zhumadil

KAZAKHS OF THE BUKEY HORDE: THE BEGINNING
OF MODERNIZATION OF TRADITIONAL SOCIETY.....340

ANTHROPOLOGY

S.E. Azhigali, B.A. Ashim

SOME RESEARCH RESULTS OF THE WEST KAZAKHSTAN INTEGRATED ETHNOGRAPHIC AND
ETHNOARCHAEOLOGICAL EXPEDITION IN 2021 IN THE KHOBDA REGION.....353

A. Ganieva, E. Ananyevskaya, B. Khassenova

COLLECTION OF FINDS OF THE SETTLEMENT OF BOZOK II IN THE NORTHERN
SARYARKA.....361

Y.V. Kulagina, B.Q. Smagulov, T.N. Bolsynbek

SOME ASPECTS OF THE DEVELOPMENT OF THE MUSEUM
SPHERE IN KAZAKHSTAN IN THE 1930S – 1950S.....370

A.E. Rogozhinsky, I.R. Kamaldinov

MEDIEVAL CITY-SITES ASPARA AND SHARUASHYLYK
(PRELIMINARY RESULTS OF RESEARCH IN 2021 – 2022).....384

ANNIVERSARY

Aldazhumanov Kaidar Seisembayevich – 80 years old.....393

Редакцияның мекен-жайы:

050010, Қазақстан Республикасы
Алматы қ., Шевченко көш., 28,
ҚР БҒМ ҒК Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты
«edu.e-history.kz» журналының редакциясы
Телефон: +7 (727) 261-67-19
E-mail: edu.history@bk.ru
Электрондық мекен-жайы: www.edu.e-history.kz

Журнал 2013 жылдан бастап шығады.

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитетінде 2014 ж. 29 қазанында тіркеліп, № 14602-ИА куәлігіне ие болды.